

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

Адамның балалық шағы ертегімен тығыз байланысты. Біз әжемізден ертегі айтып немесе оқып беруін жиі сұраймыз. Сиқыры бар оқиғаларды тыңдауды тағаттана күтеміз. Көңілді де аянышты, қорқынышты да күлкілі олар бізге біраздан таныс. Олармен біздің әлем, жақсылық пен жамандық, әділет туралы алғашқы көзқарастарымызды қалыптастырады. Бір қарағанда жәй кішкентай ғана әңгіме сияқты, ал шын мәнінде осы әңгімелерде халық даналығы, мейірімдік пен зұлымдық туралы түсінік жатыр. Кейде өмірде қиын жағдайлар кездесіп жатады. Не істеу керек? Қандай дұрыс шешім қабылдау керек? Осы сұрақтарға жауап табу үшін ертегі бізге асығады.

Қазіргі таңда ертегімен қызығатын, ертегі оқып, тындап отыратын балалар саны азаюда. Заман дамығасын үлкені де, кішісі де телефонмен қызығып, күні түні телефон қарауға асығады. Әжелердің көбісі де немере, шөберелеріне ертегі, аңыз-әңгіме, батырлар жырын айтып беруін азайтты. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Ендеше, ақпараттық технологиялар дамыған кезеңдегі балалардың ой-қиялдарын өз ертегілері арқылы жеткізу мүмкіндігі бар. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Адамгершілік тақырыбы мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілікті сіңіру ертегі арқылы беріледі. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-қазақ ертегілерінде. Ертегілер адам баласының жастайынан жақсы мен жаманды ажыратуға, жақсы адам болуға, әділдік пен адалдықты жақтауға, ержүрек батыр болуға тәрбиелейді. Ертегі оңай, түсінікті тілмен берілсе де, әзілге жақын болса да, мән мағынасы жағынан терең, жас балаға да, ересек адамға да үйретері көп фольклорлық жанр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жақыпов Ж.А. Қазақ лингвофольклортануы: тілдік-жанрлық зерттеу. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, - 2020 – 76.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: «Рауан» баспасы, - 2013 – 160 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. - Алматы: Ғылым, - 1987 – 60 б.
4. Жақыпов Ж.А. Қазақ лингвофольклортануы: тілдік-жанрлық зерттеу. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, - 2020 – 331 б.
5. Қазақ ертегілері. – Алматы: Жазушы, - 2009 – 3 б.

УДК 124.2

#### **ИБН ХАЛДУН: МЕМЛЕКЕТ ПЕН САЯСАТ ТУРАЛЫ ОЙ-ТОЛҒАНЫСТАРЫ**

**Шәді Қарақат**

[karakat.shadii@bk.ru](mailto:karakat.shadii@bk.ru)

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Философия және этика» білім бағдарламасының студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Р. Кемербай

Әбу Зейд Әбдірахман ибн Мұхаммед ибн Халдун әл-Хадрами әл-Ашбили шамамен 1332-1406 жылдары өмір сүрген (XIV-XV ғасырлар) ғұлама, Туннистік философ, тарихшы, әлеуметтанушы. Экономика, мемлекет, қоғам, демография сияқты салаларда өз еңбектерін жазған ойшыл. Оның ой-толғаныстары, идеялары, өзінің замандастарына түсінікті, қызықты болған жоқ. Оның ойларын, түсіндірмелерін сол кезде өзекті деп саналмады. Бірақ, Ибн-Халдунның саяси, әлеуметтік, экономикалық ой тұжырымдары, сол кезде де, бүгінгі күнде де өзекті болғанымен, оның идеяларын, фәлсапасын түсінікті түрде талдап беретін ғалымдар өте аз. Ибн Халдун өмірінің кейбір кезеңдерін, оның достары мен шәкірттері жазып қалдырған. Жас кезінде құран, мұсылман құқығы, логика, араб әдебиетін оқыған. Сол замандағы атақты ойшылдардың дәрісін тындап өседі. Жиырма жасында Тунистегі сұлтан кеңсесінің хатшысы қызметіне тағайындалып, үлкен тәжірибе жинайды. Әйгілі дипломат, әскери басшы

лауазымына дейін көтеріледі. Соған қарамастан, Ибн Халдун үнемі ғылыммен айналысуды тастамайды. Керісінше, ғылымға одан сайын қызыға түседі.

Бір қызығы Ибн Халдунның рухани мұрасын араб-мұсылман ойшылдары емес, Еуропалық ғалымдар әлеуметтік, саяси көзқарастарын зерттей бастағандығы және сол замандағы озық ойлы тұжырымдарымен есте қалған.

Ибн-Халдун өзінің саяси тұжырымдамасында мемлекет дамуындағы және жоғалып кетуіндегі кейбір аспектілерді айқындауға тырысты және билік жүргізу түрлерінің ерекше бір классификациясын жасады. Ол қоғам мен мемлекетті ажыратып, бөліп қараған. Өзара арақатынастарын, заңдылықтарын айтуға, жеткізуге тырысты. Бізде Ибн Халдунның еңбектері мен соған қатысты зерттеулерді талдап, билік пен мемлекет туралы ойларын көрсетуге тырысамыз.

Ибн Халдунның пікірінше, мемлекеттің пайда болуы қоғамдық дамудың бір көрсеткіші болып табылады. Мемлекет - күш пен билікке сүйеніп, ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асырады. Сыртқы саясатта мемлекет өзінің дербес позицияларын сақтайды, ал ішкі саясатта ол ру, тайпалардың тығыз бірігу функциясын жүзеге асырады, заңдар мен тәртіптің іске асырылуын қамтамасыз етеді, халықтан салық жинайды, оның тәуелсіздігін қамтамасыз ететін әскер құрады. Бірақ, мемлекет идеясын құптаған жоқ. Мемлекет адамның дамуын тежейді және құлдық, бағыныштық жүйеге алып келеді деген ойын «Мукаддима» (Кіріспе) трактатын оқыған кезде анық байқай аламыз. Бұл еңбекте өркениеттер мен мемлекеттердің өз шарықтау кезеңінен кейін ыдырауының бірден бір себебі ол – ысырапшылдық екендігін ескертеді. Қанағатсыздық, қарызға бату рухани дағдарысқа ұшыратып мемлекеттің күйреуіне әкелетіндігіне назар аудартады.

Яғни, мемлекет ұғымының пайда болуы адамзат дамуының бір сатыға жоғарлағанын көрсеткенімен, адам өз дамуында артта қалады. Мемлекеттің пайда болуы арқылы қоғам, бір топ, ұйым қалыптасады. Саясат - мемлекеттегі тәртіпті ұстауға, оны басқаруға арналған құрал. Адам сол құралға бағынушы, орындаушы.

Ибн Халдунды замандастары көп түсіне бермеді, сонымен қатар оның жазбалары ХІХ ғасырдың басына дейін зерттеушілердің қызығушылығын тудырмады. Соңғы кездері Ибн Халдунның шығармашылығына деген қызығушылық байқалды. Бұл Шығыстың мәдени және философиялық мұрасына деген қызығушылықтың жалпы өсуімен ғана емес, сонымен қатар Ибн Халдунның саяси теориясы, атап айтқанда оның билік пен мемлекетке қатысты идеялары теориялық ережелерді қамтиды, олардың көпшілігі қазіргі заманды түсінуге мүмкіндік береді. Мұсылман шығысында болып жатқан әлеуметтік-саяси және рухани процестерді де түсіндереді. Осындай саяси салмақты ой-тұжырымдарымен социология ғылымының атасы атағына да ие болады. Дегенмен, елімізде Ибн Халдунның фәлсафасын, еңбектерін зерттеуге арналған еңбектер өте аз екендігін атап өткіміз келеді. Соған қарамастан, шығыстанушы ғалым, профессор Светлана Бациева 1965 жылдардың өзінде «Историко-социологический трактат Ибн Халдуна «Мукаддима» еңбегінде «Адамзаттың ойлау тарихында алғаш рет Ибн Халдун адам қоғамы, қоғам дамуы мен оның ішкі заңдылықтары туралы ғылым ойлап тапқан» - деген баға береді [1, с. 221]

Ибн Халдунның әйгілі «Мукаддима» (кейде «Кіріспе» деп атайды) трактатында былай айтқан «Мемлекет және саясат туралы ілімінің айрықша ерекшелігі - тарихи-социологиялық талдаудың жалпы аясында мемлекетке философиялық және құқықтық көзқарастарды біріктіру. Ең алдымен, ол «өркениеттің» көрсеткіші, формасы, өлшемі және көрінісі ретінде қарастырған мемлекеттің қалыптасуының, дамуы мен құлдырауының «табиғи заңдылықтарын» анықтау міндетін қойды. Оның теориясының тағы бір ерекшелігі: ғалым идеалды емес, нақты қолданыстағы мұсылман мемлекетін өз саясатындағы билеушілер мұсылман құқығы қағидаттарынан алшақтап кеткен кезде зерттеді. Осы негізде ол халифаттың Тарихи эволюциясын қадағалап, басқару формаларының өзіндік классификациясын жасай алды» [2, с. 156].

Ибн Халдунның шығармаларына деген қызығушылық енді ғана ұлғайып келеді. Оған негізгі себеп оның мемлекетті басқару формасына Халифатты дұрыс басқарудың бір негізі

деп санады. Оның осындай ойға келуінің ең басты себебі дін. Мемлекетте ең алдымен дін орнығуы керек деп санаған. Діннің үстемділігі арқылы халықты дұрыс басқарып, оларға дұрыс жол сілтеме жасай алады. Дін арқылы халықтың бірлігі мен мәдениетті ұстап тұруға болатындығына назар аудартады. Себебі дүниедегі кез-келген пікір алмасу, экономика, қоғамдағы тұрақтылық сенім арқылы жасалады. Сенім болмаса мемлекет тұрақты түрде өсіп, өнуі екі талай. Сенім болу үшін дін қажет. Ол туралы Ибн Халдун басқару форманың 3 деңгейі туралы айтқанынан байқаймыз. Онда: «араб орта ғасырларының бүкіл мәдени өмірі егжей-тегжейлі сипатталған, жер және оның климаттық аймақтары, онда өмір сүретін халықтар мен олардың тарихы, мемлекеттердің пайда болу процесі, қолөнер және ауыл шаруашылығы, қаржы және салық жүйелері, ғылымдар мен өнер және т.б. туралы мәліметтер келтірілген. Бірақ бәрібір «Мукаддима», ең алдымен, Ибн Халдун дәуіріндегі саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірдің энциклопедиясы болып табылады, онда ол мемлекет, басқару нысандары, қоғам туралы, сондай-ақ ұрпақтар ауысуы кезіндегі өркениеттердің өрлеуі мен құлдырау циклы туралы өз ойларын баяндайды [3].

Шын мәнінде жоғары да атап өткендей, мұсылман билеушілері өз билігін асыра пайдаланып, шынайы, нағыз билік тұжырымдамасын ұмыта бастағандығына наразылық білдіреді. Олар өз мүдделерін қорғау үшін, мұсылман құқығы қағидаттарына сүйенбей, тәртіп, ережені өзгерте бастады. Сонын негізінде әр түрлі басқару формалары қалыптасып, қоғамда жаңа басқару формаларының пайда болуына себепкер болғандығына тоқталады. Халифат билеушілері өз мүдделерін арттыру үшін жаңа ережелер ойлап таба бастады. Бұл кейіннен Халифаттық биліктің әлсіреп монархиялық билікке ұқсауына алып келді, ал Осман Империясында Сұлтанның билік үстемдігі арта түседі.

Бұл жөнінде «Мукаддима» трактатында Ибн Халдун қоғам мен мемлекетті нақты ажыратады. Оның пікірінше, «Бастапқыда мемлекет өзгерген қарабайыр топ болды, онда бір топтың өз қызметін, өз мүшелерін бір ортаға, қоғамға біріктіретін туыстық топқа (асабия) сүйене отырып жүзеге асырды. Халдун асабияны шетелдіктердің бағыныштыларын басу үшін қажет мемлекеттің міндетті негізі деп атайды. Мемлекеттің асабияны жоюы соңғысының өзін - өзі жоюын білдіреді, сондықтан «асабияның бүлінуі», «мемлекет дағдарысының сигналы және созылмалы аурудың симптомы» болып табылады. Егерде мемлекет арасында қандай да бір бөліну, шектелу байқалса басқа мемлекеттер оларды бірден жаулап алуға кірісе бастайды. Сол үшінде мемлекетті сақтау үшін асабияның бүлінуіне жол бергіздірмеуге тырысты. Асабия - бұл топтық сана, жүйке жүйесі мен тайпаның ақыл-ойын біртұтас желіге байланыстыратын «әлеуметтік Ұлпаның» бір түрі, сондай-ақ бір-бірімен біртұтас тұтастыққа қосыла алатын кез келген нәрсе [4].

Ибн Халдун мемлекеттердің ішінде алауыздық, ашкөздік, бөлінулер көбейген сайын, сол мемлекеттің болашағы да бұлыңғұр болатындығын болжап білген. Сондықтан да, қоғамдық сана, адамзаттың ақыл-ойының бір тұтас идея төңірегінде жинақталуына мән бергендігі байқалады. Тағы бір дерек көзінде былай тұжырымдалады «Ибн Халдунның ілімі бойынша кез-келген қоғам адамның табиғатына байланысты адамдардың агрессияға және өзара жойылуға деген «табиғи» ұмтылысына қарсы тұруға арналған «тежегіш бастауды» қажет етеді. Мұндай мәжбүрлі билік мемлекетті тайпаның қарапайым «басшылығынан» ажыратады және белгілі бір адамдар қол жеткізген өркениет деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Мемлекет қоғам мүшелерін басып-жаншып, тайпаларды біртұтас етіп біріктіреді және өз субъектілеріне де, сыртқы салаға да мәжбүрлі билікті жүзеге асырады. Бұл биліктің «ішкі» жағы - субъектілерді күшпен басқаруға, заңдарды жүзеге асыруға, мемлекет ішіндегі тәртіпті қамтамасыз етуге, салық жинауға және армия құруға қабілетті билеушінің құдіреті. Сырттай мемлекеттің жоғарғы билігі оның кез-келген басқа билікке бағынбауынан немесе мәжбүрлеуінен көрінеді» [5, с. 155].

Көріп отырғанымыздай, Ибн Халдунның пікірінше, мемлекет, саясат тек билеушілермен шектелмейді, керісінше ол бір тұтас жүйе және оған бүкіл қоғам болып күресуге шақырады. Сол себептен, мемлекеттегі барлық өзгерістер, реформалар мемлекет басындағы адамдардың жағдайын жақсарту ғана емес, бүкіл қоғамның жақсаруына әкеледі.

Мемлекет басшысы мықты, халықтың алдында беделді болуына да көп мән берілуі тиіс. Көп жағдайда басқа көршілес мемлекеттердің басшылары басқа мемлекеттерге шабуыл немесе соғыс ашпас бұрын, ең алдымен сол елдің басшысының абыройын алдын ала зерттеп алатындығына да Ибн Халдун жақсы талдаған. Егер, халықтың көңіл-күйі, экономикалық жағдайы жоғары болса, ондай кезде соғыс ашу қауіпі өте төмен деген шешімге келген. Одан да бұндай мемлекетпен тығыз қарым-қатынасты көбейту, олардан көп нәрсе үйренуге болатындығына да назар аудартады. Билеуші мықты болса онда оның елі де мықты болары сөзсіз.

«Ибн Халдун мемлекет жұмыс орындарын құру, жолдар салу және сауда мен өндірісті ынталандыру үшін шаралар қабылдау үшін мемлекеттік қызметтерді ұйымдастырумен айналысуы керек деп есептеді. Мемлекеттің коммерцияға араласуы бюрократиялық жүйенің және жалдамалы армияның кеңеюіне әкеліп соқтырады, нәтижесінде кәсіпкерлер сауданы дұрыс жүргізе алмайды және өз кәсіпорындарынан пайда, күн көріс таба алмайды. Экономикалық құлдыраудың нәтижесі қалалар мен өнеркәсіп орталықтары халықтың балама, тұрғылықты жерлерге көшуі болуы мүмкін, бұл тауарларға сұраныстың төмендеуіне және жағдайды одан әрі ушықтыруға әкеледі. Ибн Халдунның айтуынша, ең жақсы мемлекет - заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етумен айналысатын минималды бюрократиялық аппараты, минималды армиясы және минималды салық салуы бар мемлекет [6, с. 3].

Мемлекеттің көбіне әскери топтардың, армияға назар аударғанының әсерінен экономика төмендейді деген. Сол үшін де салық көбейеді. Халық сауда, өнер, ғылыммен дұрыс айналыса алмай, оны дамыта алмайды деген. Соның әсерінен халық салықтың көбеюінен қашып десекте болады, басқа жерлерге көшуді дұрыс деп шешіп, көше бастайды бұл да мемлекет үшін үлкен шығын болып саналады. Нәтижесінде біртіндеп мемлекет құлайды. Оны болдырмас үшін Ибн Халдун бейбіт, бірқалыпты мемлекет болу үшін аз армия, аз салық және де тәртіп пен заң бәріне ортақ болуы керек деген. Сол кезде дұрыс мемлекет болады деген.

Ибн Халдунның пікірінше, «Билік эволюциясы теориясының маңызды аспектісі оның мемлекет дамуының бес негізгі фазасы мен кезеңдерін зерттеу болып табылады: Бірінші кезең - Жеңіс, қозғалыс жетекшісі халықпен және оның қанымен бірге жаудың қарсылығын бұзады және алдыңғы әулеттен билікті алады; Екінші кезең-билеуші өз адамдарына үстемдік етеді, ол өзінің серіктерінің билікті бөлісуге деген ұмтылысын басады, билеушіні билікке әкелуге көмектескен туысқан тайпалар тобынан бөліну кезеңі басталады; Үшінші кезең - бос уақыт пен тыныштық-мемлекеттің гүлдену кезеңі, тәртіпті, тыныштық пен сенімділікті бекіту; Төртінші кезең - моральдық деградация және сәнді өмір салтын ұстанатын билікке қанағаттанбау - зорлық-зомбылық пен оппозицияны басудың деспоттық әдістеріне көшу кезеңі; Бесінші кезең - бұзылулар мен қол сұғушылықтар - мемлекеттің құлдырауы мен жойылу кезеңі. Мемлекеттік эволюцияның бұл кезеңдері кез-келген адам бірлестігіне ұқсас» [7].

Жоғарыда айтып кеткендей, егерде мықты билеуші билікке келсе ол халықты біріктіре алады, бірақ оны мәңгі сақтап қала алмайды. Бұл тек уақытша. Ибн Халдунның «мемлекет дамуының 5 кезеңінде» ол билікке өз алдында тұрған қарсыластарын жеңген адам келуі әсерінен биліктің ақырын құлдырауына әкеледі деген. Яғни, ол өз қасына мықты деген серіктес, көмекші тапқанымен олардың айтқаны бойынша жүруден бас тартып, оларды биліктен алшақтатырады. Себебі ол билікке тек өзінің лайық деп санауы мүмкін. Бастапқы кезде ол мемлекет үшін бәрін жасайды, кейін өзіне халық арасында белгілі бір атақ жинай бастағаннан соң, ол өз мүддесінің жоғары екенің түсініп, заңды өзіне ыңғайлы етіп өзгерте бастайды. Бұл халықтың кедейленуіне, әлсіреуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Себебі салық, қатаң заң жүйесі оның ішінде: күш көрсету, зорлық-зомбылық және тағы басқалар қоғамға оң әсерін емес теріс әсер береді. Халық оған наразылығын көрсете бастаса да, ол биліктен кетпеуге тырысатын болады. Себебі ол өзіне қолайлы орын жасап алды, оған биліктен кететін себеп жоқ деп ойлайды. Наразы болғандарды ол жазалап, ары қарай билігін жалғастыра беретін болады. Осылардың әсері мемлекеттің құлдырауына әкеп соқтырады.

Ибн Халдун адамзат қауымдастығының екі түрін анықтады: «әлеуметтік қауымдастықтың» екі түрі бар - ауылдық (Умран Бадави) және қалалық (умран хадари), олар еңбек жолдарымен және қоғамдағы тұлғааралық қатынастардың әртүрлі түрлерімен ерекшеленеді. «Умран» терминімен Ибн Халдун бірқатар әлеуметтік, экономикалық және демографиялық ұғымдардың жиынтығын түсінеді. Еңбек бөлінісі - бірігудің ең алғашқы факторы; бірлесуге деген басқа себеп - сырттан төнетін қауіп-қатерден қорғану және қоғамдарға біріккен адамдардың өздерінің алақөздік табиғатының пайда болуынан жалпы қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қоғамға климат пен басқа да табиғи факторлар ықпал етеді, бірақ ең бастысы - шаруашылық нысандары өндіріс тәсілдері. Қала сыртындағы қоғамда күнкөріс шаруашылығының және қарабайыр қол құралдарының басым болуы ауылдық жерлерде тұратын адамдарға өмірді қолдау үшін жеткілікті өмірлік құралдарды алуға мүмкіндік береді. Қалалық қоғамның басты белгілері-көптеген технологияларды қолдана отырып колөнер өндірісі және сауда, мәдениет және тұтынудың жоғары деңгейі, күрделі әлеуметтік құрылым және дамыған мемлекеттік институттар». Ибн Халдунның айтуынша, ауылдық қоғамдастықта Мораль әдетте қатал болып келеді; оның мүшелері өздерінің дәстүрлеріне көбірек байланысты. Қала керісінше, коммуналдық байланыстардың әлсіреуіне ие, қала тұрғындары еркін өмір сүреді және сән-салтанатқа барады, бір-бірінен бөлек тұрады. Сондықтан, араб ойшылының пікірінше, елдің тұрақты өркендеуінің жалғыз жолы-қалалық және ауылдық қауымдастықтар арасындағы тепе-теңдікті сақтау [8, с. 248].

«Ибн Халдун биліктегі басқару формасының негізгі үш түрін анықтаған болатын, олар: табиғи монархия, саяси монархия және халифат. Табиғи монархияның негізгі мәні билеушінің жеке мүдделеріне, оның субъективті бағалауы мен қиырлығына негізделген субъектілерді басқару болып табылады. Басқаша айтқанда, табиғи монархия-бұл субъективті мүдделерден басқа ешнәрсемен байланысты емес жеке биліктің деспоттық режимі. Табиғи монархиядан саяси монархияның айырмашылығы ол ақылға қонымды, халықтың мүдделерін қорғау және субъектілерге зиян келтіретін барлық нәрсеге қарсы тұру саясатын жүргізімен сипатталады. Ибн Халдун бұл басқару формасын екі жолмен бағалады: бір жағынан ол оның жағымды жақтарын атап өтті, ал екінші жағынан, бұл формадағы билеушілердің саясаты діни құндылықтармен байланысты емес деп сынға алды. Халифатқа келетін болсақ, саяси монархиядағы жалғыз кемшілік жойылды, өйткені халифаның субъектілерге қатысты билігі мұсылман құқығының негіздеріне сүйенеді және сонымен бірге сенім мен жердегі істерді қорғауға бағытталған. Басқаша айтқанда, халифаттың Заңы билеушінің субъективті тілектері немесе таза ұтымды принциптер емес, қасиетті мұсылман құқығының принциптері болып табылады, онда тек оларда ғана субъектілердің барлық мүдделері [9, с. 157].

Әрине, Ибн Халдун өзінің көзқарасы бойынша мемлекеттік биліктегі діни және жердегі құндылықтарды біріктіретін халифатты қолдайтындығын көреміз. Бұлай болуы да заңдылық еді. Дін мемлекетте үлкен орын алатындығын мойындайды. Себебі дін арқылы адам бір-бірін тындап, өзге біреулерге қиянат жасамайды. Олар өзінің ақыр заман күнін, істеген қиянатының салдарын ойлады. Діннің арқасында олар бейбіт, тыныш өмір сүре алады. Сол үшінде Ибн Халдун үшін мемлекетте заң мен дін қатар жүруі керек деген ойға келеді. Бұл халық пен билеуші арасындағы бірлікті ұстап тұрады деген. Себебі заңға, ереже тек халыққа арналса, діни ереже билеушіге де, халыққа да арналған. Дінде барлық адам бірдей, ешкімнің үстемдігі көп немесе аз емес. Табиғи басқару да билеуші тек өзінің мүдделерін бірінші орынға қояды. Табиғи басқару да мемлекет көбіне мәдениет жағынан дамиды, заң, саясатқа келгенде әлсіз болады. Билеушінің жақсы болуы мемлекеттің көркеюіне алып келеді. Саяси басқаруда мемлекетке не жақсы, жаманың анық анықтай алады. Заң, саясат жағынан рационалды қарайды. Бірақ саяси күште идеалды басқару болып саналмады. Ибн Халдун үшін дұрыс басқару ол халифалық басқару болды. Тек қана адамдардың шығарған заңары, ережелеріне бағынбай, діннің ережелеріне де бағыну. Оған тек халық қана бағынбайды, билік басындағылар бүкіл ел дінде жазылып кеткен шарифатарға сүйенеді. Бұл халық пен билеушінің арасында жақсы ара-қатынасқа алып келеді.

Біз, Ибн Халдунның мемлекет пен билікке қатысты ойлары мен тұжырымдарына талдау жасадық. Жоғарыда айтылған кейстерден Ибн Халдунның саяси теориясы мұсылман-құқықтық саяси теориясы іс жүзінде практикалық тұрғыдан жүзеге асқан идеяға айналды деген қорытынды жасауға болады. Оның мемлекет, саясат, экономика туралы барлық ойларының ерекшеліктеріне қарамастан, ол әлемдік саяси мұраның маңызды бөлігі болып табылады және оны бұдан әрі қолдануға болатыны сөзсіз. Егерде біз оның идеяларын дамытсақ, болашақта Ибн Халдунның билік, қоғам туралы идеялары өте көп пайдасын алып келеді деген ойдамын. Ибн Халдунның тек мемлекет, саясат туралы ойлары даму шыңында емес, оның әлеуметтік, экономикалық, тарихтағы, философиядағы ойлары жоғарғы шыңға жеткен. Ибн Халдунның ілімі бүгінде оған тарих философиясын жасаушылар арасындағы жоғары орындардың бірін әділеттілікпен беруге негіз береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Бациева С.М. «Историко-социологический трактат Ибн Халдуна «Мукаддима». Москва, - 1965 - 221 стр.
2. История политико-правовых учений: учебник для вузов / Под ред. В.С. Нерсисянц. - 3-е изд. - М.: Норма, 2002. – с. 154.
3. Деятельность Ибн Хальдуна // Электронный ресурс URL: <https://zachnik.com/spravochnik/istorija/istorija-politicheskikh-uchenij/ibn-haldun/>
4. Ибн Хальдун о политике и цивилизации // Электронный ресурс URL: <https://islam.plus/ru/civilizaciya/nauka/ibn-haldun-o-politike-i-civilizacii>
5. История политико-правовых учений: учебник для вузов / Под ред. В.С. Нерсисянц. - 3-е изд. - М.: Норма, - 2002. – с. 154.
6. Selim Cafer Karatas, 2011: [пер. с англ.] // Ислам для всех! - 2011. - 26 мая.- 2 с.
7. Gibb, Hamilton A.R. Studies on the Civilization of Islam, - 1962 - p. 369.
8. Мингатын М.Г. Теологические и политические взгляды Ибн Хальдуна // Теология традиционных религий в научно-образовательном пространстве современной России. Сборник материалов межд.симпозиума. - Казань, - 2020. - С. 95-105.
9. Ибн Халдун в османской историографии / Отв. ред. В.А. Кузнецов. - М.: ООО Сафра, - 2021. – С. 248.

### **ПОДСЕКЦИЯ 9.3**

## **ӘЛЕУМЕТТАНУ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ / СОЦИОЛОГИЯ И СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА**

УДК 314.72

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ АНКЛАВТАР**

**Адай Қанат Мұратбекұлы**

[adaikanat3@gmail.com](mailto:adaikanat3@gmail.com)

Әлеуметтану білім беру бағдарламасының магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Байгабылов Нурлан Оралбаевич, PhD., доцент

«Анклав» термині қазіргі мағынада XVI ғасырдың басында дипломатиялық айналымда қолданыла бастады. Осы уақытқа дейін анклавтар феодалдық жүйеде құбылыс ретінде орын алды, бұл аумақтарға иелік етудің бөлшектік принципін білдірді. Ұлттық мемлекеттердің